

«Бекітемін»  
"Құрылыс колледжі" ҚМҚК директоры  
К.К. Тағатеєев  
« 31 » 05 2020 ж.



### **Білім алушылардың қорытынды аттестациясын тапсыруға арналған нұсқаулық.(С-32)**

1. Қорытынды аттестацияны тапсыру онлайн-конференция режимінде өткізіледі, жұмыс істеу үшін үздіксіз интернет байланысы қажет. Емтихан «Zoom» бағдарламасы арқылы өткізіледі. Жұмыс істеу үшін сізге USB арқылы компьютерге қосылған веб-камера немесе веб-камерасы бар ноутбукты пайдалану қажет.

- компьютерге / ноутбукқа «Zoom» бағдарламасын орнату:

1. Браузерді ашу (мысалы, Google немесе Яндекс) және іздеу жолында «zoomus скачать» атауын теріп, одан кейін браузерде бірінші нәтиже «zoom.us/download» атауы бар сілтемеге басы.
2. Бағдарламаның ресми сайты ашылады, онда «Клиент Zoom для конференций» бірінші тармағында «Загрузить» батырмасын басу керек, содан кейін компьютерге файлдың жүктелуі басталады. Жүктелген орнату файлы «Загрузки» бумасына түседі.
3. Содан кейін орнату файлын іске қосу керек, ары қарай компьютерге бағдарламаның орнатылуы басталады.
4. Орнату аяқталғаннан кейін, бағдарлама автоматты түрде іске қосылады. Бағдарламаның ашылған терезесінде «Войти в конференцию» батырмасын басу керек.
5. Келесі «Подключиться к конференции» терезесінде сізге поштаға (немесе whatsapp-қа) жіберілген кодты «Укажите идентификатор конференции» өрісіне енгізу қажет. Келесі жолда өзіңіздің аты мен тегіңізді бас әріппен енгізу керек.
6. Одан әрі «Запомнить мое имя для будущих конференций» тармағын таңдаңыз. «Не подключать звук» және «Выключить мое видео» тармақтары өшірілуі тиіс. Одан әрі «Войти» батырмасын басу, содан кейін «Войти с использованием звука компьютера» атауын басып сіз бейнеконференцияға қосыласыз.

- «Zoom» бағдарламасын ұялы телефонға орнату (Android негізінде):

1. «GooglePlayMarket» қолданбасын ашып, іздеу жолына «Zoom» атауын енгізіп, одан кейін «Установить» батырмасын басыңыз. Егер бағдарлама сіздің телефоныңызда орнатылған болса, онда «Открыть» немесе «Включить» батырмасын басу керек, одан кейін «Обновить» батырмасын басыңыз—ары қарай сіздің ұялы телефоныңызға бағдарламаның өзекті нұсқасы орнатылады.
2. Бұдан кейін бағдарламаны ашып «Войти в конференцию» батырмасын басу керек.
3. Келесі терезеде сізге поштаға (немесе whatsapp-қа) жіберілген кодты «Идентификатор конференции» өрісіне енгізу қажет. Келесі жолда өзіңіздің аты-жөніңізді бас әріппен енгізіп, «Войти в конференцию» батырмасын басу керек.
4. Одан әрі «Разрешите системе Zoom доступ» ашылған терезесінде «Понятно» батырмасын басу керек. Келесі «Разрешить приложению Zoom записывать аудио» терезесінде «Разрешить» түймесін басып, сіз бейне конференцияға қосыласыз.
2. Видеоконференцияға қосылу коды емтиханға 15 минут қалғанда поштаңызға немесе whatsapp арқылы жіберіледі.

3. Емтихан өткізудің барлық рәсімі бейнеге жазылады. Бейнеконференцияға қосылғаннан кейін сіз өзіңізді таныстырып, веб-камерада жеке куәлігіңізді көрсетуіңіз керек.

4. Билетті таңдау үшін сіз алдымен «Zoom» бағдарламасындағы «Демонстрация экран» батырмасын басу арқылы экранды көрсету режимін қосып, `sova.ws` тіркелгісіне кіріп, «Задания» қойындысына өтіп, «Названия» өрісінде «Экзамен» бөлігін таңдайсыз. Содан кейін билетті таңдау беті ашылады, онда «Вытянуть билет» түймесін басу керек. Билетті таңдағаннан кейін сіз жауап дайындауға кірісесіз.

5. Сізге жауап дайындауға 90 минут беріледі. Дайындықты аяқтағаннан кейін сізге (парағыңыздағы фотосуретті) жауабыңызды тіркеу арқылы хабарлама жіберу керек. Ол хабарлама «Экзамен» бөлімінде орналасқан «Написать сообщение» өрісі арқылы жіберіледі.

6. Топтағы барлық оқушылар жауап парақтарын платформаға жібергеннен кейін, оқытушы мен комиссия жауаптарды тексере бастайды. Келесі кезекте сіз «Zoom» бейнеконференциясына қайта қосылуыңыз керек, онда сізге жазған жауабыңызға байланысты қосымша сұрақтар және бағаңыз қойылады.

7. Емтихан аяқталғаннан кейін, оқытушының рұқсатымен сіз конференциядан ажырап, бағдарламаны жаба аласыз.

#### Ескертпе:

1. Жауаптар А4 форматтағы қағазда жазылу керек.
2. Жауап парағының жоғарғы жағында қорытынды аттестаттау, аты - жөніңіз, тобыңыз жазылу керек.
3. Билетке жауап бергенде қай сұраққа жауап жазғаныңызды белгілеп кетіңіз, мысалы 1-сұрақ, 2-сұрақ.
4. Әр парақтың астына қол қойып, парақ нөмірленуі керек.
5. Емтиханға толық жауап бергенше `sova.ws` платформасынан шығуға болмайды, себебі билет ауысып кетуі мүмкін.
6. «Zoom» бейнеконференциясы 40 минут болады. Билет алған студент осы 40 минуттың ішінде бейнеконференциядан шықпай экран алдында билетке жауап жазу тиіс.
7. Жауаптың уақыты билет алған уақыттан бастап саналады.
8. Егер «Zoom» бейнеконференциясында бірінші 40 минутта алып үлгермеген балалар, екінші рет (сілтеме арқылы) «Zoom» - ға қосылады.
9. Платформа ашылмай қалған жағдайда "Обновить страницу" немесе F5 батырмасын басу керек.

**Вебинар (алдын-ала дайындық) онлайн режимде 16.06.2020 сағат 11-00 болады.**

Директорды оқу-ісі жөніндегі орынбасары



С.С.Кошкимбаева

Бөлім меңгерушісі



Н.С.Окасов